

"Нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы бар лауазымды адамдар лауазымдарының тізбесін, мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киім (погонсыз) киіп жүру қағидаларын және нысанды киім (погонсыз) үлгілерін бекіту туралы және "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің санаттарын мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға жатқызу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 41-Ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 11 қазандағы № 304-Ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 15023 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 775 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 26.12.2022 № 775 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы бар лауазымды адамдар лауазымдарының тізбесін, мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киім (погонсыз) киіп жүру қағидаларын және нысанды киім (погонсыз) үлгілерін бекіту туралы" және "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің санаттарын мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға жатқызу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 41-Ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 11 қазандағы № 304-Ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8079 болып тіркелген, 2013 жылғы 23 қаңтардағы № 43-47 (27986) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы бар лауазымды адамдар лауазымдарының тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) төрағасының орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторы.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалармен нысанды киімді (погонсыз) кию қағидасында:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киім (погонсыз) киіп жүру қағидалары";

1, 2, 3, 4, 5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киім (погонсыз) киіп жүру қағидалары Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар Комитеттің және оның аумақтық органдарының мемлекеттік экологиялық инспекторлары болып табылады.

3. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар, қызметтік міндеттерін атқару кезінде нысанды киім киеді (погонсыз).

4. Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың нысанды киімді кию құқығы олар нысанды киімді кию көзделмеген басқа лауазымдарға ауысқанда немесе Комитеттен және оның аумақтық органдарынан босатылған кезінде жойылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға нысанды киімді (погонсыз) беру Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киім (погонсыз) тізіміне осы Қағидалардың (1-қосымшасы) және Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға нысанды киімді (погонсыз) беру нормаларына осы Қағидалардың (2-қосымшасы) сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киімдерінің (погонсыз) айыру белгілері Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киімдерінің (погонсыз) айыру белгілерінің табеліне, осы Қағидалардың (3-қосымшасына) сәйкес тағайындалады.

6. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар қызметтік міндеттерін атқару кезінде Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың атрибуттарына сәйкес, омыраулы белгі (жетон), арнайы мөр

және қызметтік куәлікті осы Қағидалардың (4-қосымшасы)өзімен бірге алып жүреді.";

1-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық  
бақылауды жүзеге асыратын  
лауазымды адамдардың  
нысанды киім  
(погонсыз) киіп жүру  
қағидаларына  
1-қосымша";

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киімдерінің (погонсыз) тізбесі";

2-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық  
бақылауды жүзеге асыратын  
лауазымды адамдардың  
нысанды киім  
(погонсыз) киіп жүру  
қағидаларына  
2-қосымша";

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киімді (погонсыз) беру нормалары";

3-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық  
бақылауды жүзеге асыратын  
лауазымды адамдардың  
нысанды киім  
(погонсыз) киіп жүру  
қағидаларына  
3-қосымша";

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды киімдеріндегі (погонсыз) айырым белгілерінің табелі";

4-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық  
бақылауды жүзеге асыратын  
лауазымды адамдардың  
нысанды киім  
(погонсыз) киіп жүру  
қағидаларына  
4-қосымша";

4-қосымшада:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік экологиялық инспектордың бірыңғай үлгідегі қызметтік куәлігі (бұдан әрі - куәлік) лауазымды адамның қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға тиесілігін куәландыратын ресми құжат.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Куәліктің ішкі жағының оң және сол беттерінде қорғау сызығынан жоғары баспаханалық шрифтпен жоғарғы қырдан 7 мм қашықтықта тангирлік торшалар шегінде "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті" деген сөздері бар қорғау жолы (микрошрифт) орналасқан".";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың нысанды (погонсыз) киімдерінің үлгілерінде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нысанды (погонсыз) киімдерінің үлгісі";

үлгілердің атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар үшін ер адамның нысанды киімдері (погонсыз) (салтанатты, күнделікті жазғы және күнделікті қысқы);

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар үшін ер адамның нысанды киімдері (погонсыз) (арнайы далалық жазғы және арнайы далалық қысқы);

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар үшін әйел адамның нысанды киімдері (погонсыз) (салтанатты, күнделікті жазғы және күнделікті қысқы);

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар үшін әйел адамның нысанды киімдері (погонсыз) (арнайы далалық жазғы және арнайы далалық қысқы)".

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру және ресми жариялау үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі*

*Қ. Бозымбаев*